

МӘРТӨК АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ  
«НҰР-АЙ БӨБЕК» ЖШС БАЛАБАҚШАСЫ

«БЕКІТЕМІН»

Мәртөк аудандық білім бөлімінің

бұйрығы

«28» тамыз 2020 ж

№ 245 Т1

**БАҒДАРЛАМА**  
**«Сыйқырлы қылқалам»**

2020 оқу жылы

«Нұр-Ай бөбек» балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында «Сыйқырлы қылқалам» авторлық бағдарламасы талқыланып пайдалануға ұсынылды.

Хаттама № 1

28 тамыз 2020ж

«Нұр-Ай бөбек» балабақшасының меңгерушісі \_\_\_\_\_ Нуртазина Ж.А



Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Сыйқырлы қылқалам» авторлық бағдарламасы мақұлданды.



Хаттама № 2

« 2 » қыркүйек 2020ж

Сараптама кеңесі төрайымы

(қолы)


Далмашбетова С.Х  
(аты-жөні)

## «Сыйқырлы қылқалам» бағдарламасына

### Пікір

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алу қажет етеді. Бала бақшадағы балалар қабілеттері екі түрлі әрекеттен дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе, екіншіден, кез келген бала шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Баланың жан – жақты дамуы жас шамасының барлық сатыларында маңызды болып табылады. «Сыйқырлы қылқалам» бағдарламасы 4-5 жасар балаларға ортаңғы топтарына бейнелеу өнерін оқытуға арналған. Жалпы сағат саны - 36 сабақ, аптасына 1 сағаттан өткізілуге жоспарланған. Бағдарлама балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын ояту мақсатында жүзеге асырылып, шығармашылық-пен жұмыс жасау тәрбиелеу барысында өзін қоршаған ортамен байланыс - тыра бейнелеуді қолданған жөн.

Бағдарламада баланың қабілеттілігін арттыруға ерекше мән берілген. Көптеген дидактикалық ойындар, музыкалық қимыл-қозғалыс ойындары, көркем әдебиеттер бір-бірімен тығыз байланыстырылып келтірілген. Бағдарлама балалардың ішкі мүмкіндіктерін ашуға, жан-жақтылығын көрсетуге көмектеседі. Оқыту үрдісінде балалар бейнелеуге арналған әр түрлі техникаларды пайдалануды, материал таңдауды үйренеді. Сурет салуды бала ерте жастан бастауына, қиял қабілетін жетілдіруіне және оны бейнелеуіне қалыптастыруына бағытталған. Бағдарламада балаға еркіндік беріліп, шығармашылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға, қиялдауға итермелейтін мүмкіндіктер жоспарланған. Шығармашылық қабілетін жетілдіруге табиғи берілген бақылаушылық және бағалаушылық, қабылдау, зейін қойып орындау қасиеттерін ұштайды. Бағдарлама бейнелеу барысында балалардың әртүрлі техникалық тәсілдерді игере алуға, акварельді және түрлі материалдарды қолдана білуге, бейнені түсініп, байқап және орындай білуге, шығарманы мағыналы орындап аяғына дейін аяқтау қабілеттерін қалыптастыруды жоспарлайды. Бағдарлама мазмұнына сәйкес әр баланың бейнелеудегі қабілеттілігін ескере отырып жүргізіледі деген ойдам.

Пікір беруші:  Мәртөк аудандық білім бөлімінің  
МДҰ әдіскері М.А.Шауменова



## «Сыйқырлы қылқалам» бағдарламасына

### Түсінік хат

Қалыптан тыс ойлау қазіргі заманда шығармашылығы жоғары білімі мол тұлға болып есептеледі. Шығармашылық қабілетін жетілдіру баланың қалыптан тыс ойлау қабілетін дамытуға септігін тигізеді.

Сурет салуды бала ерте жастан бастайды, олардың қиялдау қабілеті жетіледі және оны бейнелеуге машықтана бастайды. Егер де белгілі бір стереотиптерді немесе бірқалыпта бір әдетпен қолдана берсе, қолымнан басқа ештеңе келмейді деген балалық қорқыныш, өз-өзіне сенбеушілік пайда болады.

Баланы бейнелеу сабағынан үлкен суретші етіп шығару міндет етілмейді. Керісінше балаға еркіндік беріп, шығармашылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға қиялдауға, ойлау қабілетінің табиғи берілген бақылаушылық және бағалаушылық, қабылдау, зейін қойып орындау қасиеттерін арттыру үшін жүргізіледі.

Берілген тапсырмадағы туынды баланың өмір тәжірибесінде кездеспеген болса, таным болмаса, оны бала түсінбейді, бейнелей алмайды. Түсінбегендіктен ісін жүзеге асыра алмайды. Түсіндірілмеген, мағынасыз бейнелер ұсынылмауы тиіс. Балалар қабылдауына қарай өз ойларын еркін жеткізе білулері керек.

«Сыйқырлы қылқалам» бағдарламасы ортаңғы топ балаларына арналып құрылған. Жалпы сағат саны «Ортаңғы» топқа 36 ұйымдастырылған оқу іс әрекеті ,аптасына 1 сағат өткізілуіне жоспарланған. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті 25-30 минутты қамтиды. Шығармашылық жұмыстарға монотипия, граттаж, клясография т.б. техникалары пайдаланылады. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті дидактикалық ойындар, музыканы, жұмбақтарды, ертегілерді пайдалану арқылы түрлендірілген.

Бағдарламаның өзектілігі: Бағдарлама бейнелеу барысында балалардың әртүрлі техникалық тәсілдерді игере алуға, акварельді және түрлі материалдарды қолдана білуге, бейнені түсініп, байқап және орындай білуге, шығарманы мағыналы орындап аяғына дейін аяқтау қабілеттерін қалыптастыруды жоспарлайды.

Бағдарламаның мақсаты: Баланың жеке көзқарасын, өй-өрісін, жан-жақтылық қабілетін дамыту. Шығармашылық қабілетін жетілдіру. Бейнелеу өнерінің қыр-сырын таныта отырып бейімін қалыптастыру.

Бағдарламаның жоспары:

- Түрлі материалдардың техникасымен таныстыру;
- Балалардың қабілетін мүмкіншілігін байқау;
- Сурет сабағына балаларды баулу;
- Бейнелеу өнеріне сүйіспеншілігін ояту;
- Шығармашылық мәдениетін қалыптастыру;

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін:

- Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу;
- Белсенді ерекше қасиеттерін анықтап, әрі қарай дамыту;
- Әдіс-тәсіл түрлерін таныстырып қоймай жүзеге асыруға бағыт беру;
- Бейнелеу өнерінің талғаммен салу өнеріне төселдіру;
- Квартал сайын баланың білімін диагностикалау тәсілімен бақылау және түзету;

Күтілетін нәтиже:

- Ой-өрістері дамиды;
- Шығармашылық қабілеті қалыптасады;
- Бала өз қабілетін, мүмкіншілігін байқайды;
- Көркем мәдениетке деген ұғымдары туындайды;
- Қызығушылық, сүйіспеншіліктері артады;
- Сурет салу техникасындағы түрлі материалдармен танысады;

Сондықтан балаға ойлауға, армандауға деген мақсатын іске асыруға қол жеткізуге болады. Балаға тәрбие берудегі барлық әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылуы, игерілуі нәтижесінен сіздің біліктілігіңіз деп білеміз.

## Тақырыптық жоспар

### Ортаңғы топ

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	«Күнбағыстар»	1
2	«Әшекейленген орамал»	1
3	«Күзгі ағаш»	1
4	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	1
5	«Менің ойыншықтарым»	1
6	«Шарды әшекейлейік»	1
7	«Кәрзеңкедегі саңырауқұлақтар»	1
8	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	1
9	«Менің сүйікті балықтарым»	1
10	«Алғашқы қар»	1
11	«Мойыншалғыны әшекейле»	1
12	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	1
13	«Қысқы орман»	1
14	«Араздасқан екі әтеш»	1
15	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	1
16	«Шыршаны моншақтармен безендірейік»	1
17	«Шырша ойыншықтары»	1
18	«Тәрбиеші апайым»	1
19	«Аққала»	1
20	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	1
21	«Әдемі оюланған кеселер»	1
22	«Теңіздегі кемелер»	1
23	«Қыс» бейнесі	1
24	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	1
25	«Гүлге арналған ваза»	1
26	«Анашыма ашық хат»	1
27	«Көктемгі күн»	1
28	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	1
29	«Ғарыштағы зымырандар»	1
30	«Балапандар»	1
31	«Торғайға жем шашу»	1
32	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	1
33	«Бақ-бақтар»	1
34	«Құыршақ көйлегін безендіру»	1
35	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	1
36	«Бауырсақ домалайды»	1
	<b>Барлығы</b>	<b>36</b>

	Тақырыбы	Бағдарлама Мазмұны	Қолданылатын заттар	Өткізетін күні
1	«Күнбағыстар»	Бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс саусақпен салу техникасымен таныстыру. Күнбағыстың өркені мен жапырағын салуға үйрету. Гуашьпен салу дағдысын меңгерту. Композиция сезімін ояту	Жапсыру сабағында дайындаған «А4» форматында күнбағыс бейнесі, ыдысқа дайындалған қара түсті тушь, сүрткіш, жасыл гуашь, қылқалам, иллюстрация және үлгі	
2	«Әшекейленген орамал»	Бастыру тәсілі және саусақпен салу тәсілінде ыдыстағы бояуға батыру арқылы орамалды қарапайым оюлармен әшекейлеуге үйрету. Серпін мен композиция сезімін ояту	Түсті қағаздан қиылған үш бұрышты пішін, ыдысқа дайындалған түсті гуашь, қылқалам, сүрткіш, баспалар, иллюстрация және үлгі	
3	«Күзгі ағаш»	Оттиск ластик баспасымен таныстыру. Сангина және бор көмірмен жұмыс жасауды үйрету	Түсті «А4» форматы, сангина, бор көмір, ластиктен жапырақ баспасы, ыдысқа дайындалған сары, сұры, қоңыр гуашь иллюстрация және үлгі, сүрткіш.	
4	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеу. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін ояту	Барлық қолданылатын құралдар	
5	«Менің ойыншықтарым»	Оттиск баспа техникасы, қақпақтығынымен және саусақпен салу тәсілімен заттарды (доп, дөңгелек қуыршақ-неваляшка) безендіруге бейімдеу. Композиция сезімін ояту	«А3» форматы, гуашь, ыдысқа дайындалған гуашь, қылқалам, доп, дөңгелек қуыршақ-неваляшка, ойынға қажетті екі қонжық, үлгі	
6	«Шарды әшекейлейік»	Сопақша пішінді бейнені салуды үйрету. Сурет салу барысында қағаз бетін толық пайдалануға дағдыландыруды бекіту. Бастыру тәсілімен әшекейлеуге жаттықтыру	«А3» форматы, сопақша пішінде қиылған қағаз, ыдысқа дайындалған әр түсті гуашьтар, әр түрлі баспалар, сүрткіш, сопақша пішінді шарлар, үлгі	
7	«Кәрзеңкедегі	Сопақша пішінді бейнені	Түсті «А4» форматы, қоң	

	саңырауқұлақта р»	салуға және бастыру тәсілімен әшекейлеуге жаттықтыру. Саусақпен салу тәсілі арқылы қарапайым әшекейлеуді (нүктелерден жолақша салу) бекіту. Композиция сезімін ояту	ыр түсті гуашь, ыдысқа дайындалған гуашь, қылқаламдар, саңырауқұлақтар муляждары, қуыршақ, тін, ойынға қажетті кәрзеңке немесе сөмке, үлгі	
8	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді жалғастыру. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін ояту	Барлық қолданылатын құралдар	
9	«Алғашқы қар»	Үлкен және кіші ағаштарды, баспалармен қаршаларды басып жасауды, саусақпен сурет салуды бекіту. Композиция сезімін ояту	Көгілдір түске боялған «А4» форматы, ыдысқа дайындалған ақ гуашь, қаршалар пішінді ластик баспасы, қара тушь, қылқалам, үлгі, иллюстрациялар	
10	«Мойыншалғыны әшекейле»	Трафаретпен бастыру тәсілімен таныстыру. Жолаққа саусақпен және трафаретпен кезектестіре салуға үйрету. Серпін мен композиция сезімін ояту	Түсті қағаздан қиылған мойыншалғы кескіні, ыдысқа дайындалған гуашь, гүлдердің трафареті, поролон тампоны, ойынға қажетті шарф	
11	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуге жаттықтыру. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру	Барлық қолданылатын құралдар	
12	«Араздасқан екі әтеш»	Алақанмен салу тәсілімен таныстыру. Суреттегі образдары қарай толықтыру, аяқтау. Қиялын, шығармашылығын дамыту	Боялған «А 4» форматы, қылқалам, гуашь, әтеш ойыншығы, үлгі	



13	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуге жаттықтыру. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру	Барлық қолданылатын құралдар
14	«Шыршаны моншақтармен безендірейік»	Шыршаны моншақтармен безендіруде тығын баспалармен және саусақпен салу тәсілдерін қолдануға жаттықтыру. Әр түрлі пішінді моншақтарды көлеміне қарай кезектестіре орналастыруға, серпінмен жұмыс жасауға төселдіру	Қағаздан дайын шыршалар, немесе жапсыру сабағында жасаған дайын шыршаны пайдалануға болады, ыдысқа дайындалған гуашь, тығын, шырша моншақтары, үлгі
15	«Шырша ойыншықтары»	Шырша ойыншықтарын бейнелеуде балауызбен (май шам) салу тәсілін қолдану. Үстінен акварельмен бояуға үйрету. Тығын баспаларымен бастыру	Қатты картоннан қиылған шырша ойыншықтары (шарлар, сүңгілер, ай, жұлдызша т.б.), балауыз (май шам), акварель, қылқалам, ыдысқа дайындалған гуашьтар, тығын, ватманға салынған шырша, шырша ойыншықтары, сүрткіш
16	«Тәрбиеші апайым»	Графиканың айқын әдіс-тәсілдері арқылы (штрих, сызық, нүкте) адамның портретін салуға үйрету. Бейнелеуде сезімін көрсете білу. Композиция сезімін ояту	«А 3» форматы, кара маркер, тырнап салуға таяқша, сангина, портрет, үлгі
17	«Аққала»	Гуашьпен сурет салу дағдыларын бекіту, қағазды жентектеу (домалату) әдісімен ұштастыру. Аққаланы дайындап жапсырған соң қалған қажетті заттарын толықтырып (сыпырғыш, шарбақ, шырша т.б.) жұмысты аяқтау. Композиция сезімін ояту	Боялған қатты картон «А4» форматы, сүрткіш, ақ түсті қиылған жарты салфеткалар, ыдысқа құйылған желім, гуашь, қылқалам, мақтадан жасалған аққала, үлгі
18	«Өз бетімен жұмыс» еркін	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз	Барлық қолданылатын құралдар

	тақырып	шығармашылықтарын эксперименттеуге жаттықтыру. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру		
19	«Әдемі оюланған кеселер»	Әр түрлі пішіндегі кеселерді салуға үйрету (тік бұрышты, жарты шеңбер), оюлармен әшекейлеу (негізгі ою-трафаретпен, қосымша-оттиск баспалармен). Композиция мен серпін сезімін ояту	«А»4 форматы, гуашь, қылқалам, ластик баспалары, ою трафареттері, поролон тампондары, ыдысқа дайындалған гуашь, иллюстрациялар мен үлгілер, әр түрлі пішіндегі кеселер	
20	«Теңіздегі кемелер»	Қалып ретінде аяқ киімнің табанын пайдалану арқылы кемені бейнелеу. Суретті акварельмен бояуға төселдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қиялын дамыту	Ашық көк түсті «А4» форматы, кара маркер, акварель, қылқалам, иллюстрациялар мен үлгілер	
21	«Қыс» бейнесі	Адам бейнесін балауыз (май шам) немесе маркермен салуды бекіту, қосымша бөлшектермен әшекейлеу (қаршалар), қағазды қыстың түсімен бояу (көгілдір, көк, күлгін), түстерді ажырата білуін дамыту	«А4» форматы, көк балауыз (май шам), кара маркер, акварель, қылқалам, үлгі, иллюстрация	
22	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді бекіту. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру	Барлық қолданылатын құралдар	
23	«Гүлге арналған ваза»	Бейнелеу өнерінің бұл тәсілін қолдануға жаттықтыру. Қиялын, композициясын, серпінін дамыту	Боялған «А4» форматы, ыдысқа дайындалған гуашь, баспалар, қалып ретінде қолданатын заттар (дөңгелек, сопақша пішінді подностар), үлгі	

24	«Анашыма ашық хат»	Бейнелеу өнерінің бұл тәсілін қолдануға жаттықтыру. Композициясын, серпінін дамыту	Вазаның суреті жапсырылған «А3» форматы (боялған, екі бүктелген), ыдысқа дайындалған гуашь, қылқалам, гуашь, поролон тампондары, гүлдер трафареті, мимозалар мен қызғалдақтар немесе иллюстрация, үлгі
25	«Көктемгі күн»	Алақанмен салу тәсіліне жаттықтыруда ұжымдық жұмыс жасай алуға төселдіру. Әр түрлі түстерді алақанға қылқаламмен араластырып жағуды (сары, қызыл, қызғыш) үйрету.	Ашық көк түске боялған ватман қағазы, гуашь, қылқаламдар, иллюстрация, үлгі
26	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді бекіту. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру	Барлық қолданылатын құралдар
27	«Ғарыштағы зымырандар»	Түстерді араластыра бейнелеуді жалғастыру (көк, көгілдір, күлгін, қара). Трафаретпен бастыру тәсілін бекіту. Зымыранды, ұшатын тәрелкелерді бейнелеуді үйрету	«А3» форматы, гуашь, қылқаламдар, ыдысқа дайындалған гуашь, жұлдыздар трафареті, иллюстрациялар мен үлгілер
28	«Балапандар»	Қағазды жентектеу (домалату) тәсілін бекіту немесе жырту тәсілі арқылы балапан жасау. Қалған бөліктерін түсті пастельмен (шөп, гүл) салу, қара маркермен көз, тұмсық, аяқтарын салу. Композиция сезімін ояту	Ашық көк түсті «А4» форматы, сары салфеткалар, сүрткіш, ыдысқа дайындалған ПВА желімі, түсті пастель, қара маркер, ойынға қажетті балапанның бас киімі, иллюстрациялар мен үлгілер
29	«Тоқыманы әшекейлейік»	Бейнелеу өнерінің бұл тәсілін қолдануға жаттықтыру. Қиялын, композициясын, серпін	Боялған қағаздан қиылған тоқыманың пішіні, қатты қылқалам, гуашь, ыдысқа

		ін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу	дайындалған гуашь, баспалар, үлгілер, ойынға қажетті қуыршақ пен қонжық
30	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді бекіту. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру.	Барлық қолданылатын құралдар.
31	«Бақ-бақтар»	Бейнелеу өнерінің бұл тәсілін қолдануға жаттықтыру. Бақ-бақтардың бейнесін айқындап салуға үйрету. Композиция сезімін ояту	Ақ немесе ашық жасыл «А4» форматы, Балауыз (май шам), акварель, қылқалам, ыдысқа дайындалған гуашь, үш бұрышты түрлі пішіндегі баспалар, иллюстрациялар мен үлгілер, ойынға қажетті карточкалар
32	«Мен бір жылда қалай өстім» автобейне	Графиканың айқын әдіс-тәсілдері арқылы (штрих, сызық, нүкте) адамның портетін салуды бекіту. Бейнелеуде сезімін көрсете білу. Композиция сезімін ояту	«А 3» форматы, қара маркер, тырнап салуға таяқша, сангина, портрет, үлгі
33	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді бекіту. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру	Барлық қолданылатын құралдар.
34	Қорытынды «Суреттер көрмесі»	Суреттерді қарап, тамашалап өз ойларын жеткізе білуге, жолдастарының еңбегін бағалауға тәрбиелеу	Алдын ала жыл бойы салынған әр баланың суреттерінен ең әдемі шыққан бір суреттен алып көрме ұйымдастыру.

### Қолданылған әдебиеттер:

- 1.«Рисование с детьми дошкольного возраста.Нетрадиционные техники» Т.В. Смагина, В.Ю. Слепцова, Е.М. Седова, Т.И. Сайганова, Р.Г. Казакова. Москва 2005ж.
- 2.«Балабақшада және үйде сурет салу,мүсіндеу,апликация жасау» Шымкент «Шикула және К» 2012ж. Э.С. Қыдырова, С.Л. Мадалиева.
- 3.«Балабақшадағы көркем шығармашылық», Москва 1974 ж.
- 4.«Жыл он екі ай». Алматы 2010 ж. Т. Айтпайұлы
- 5.«Балабақшадағы бейнелеу сабағындағы әдістеме» Москва 1977 ж.
- 6.«Бейнелеу өнері». Педагогикалық сыр сандық. Дидактикалық материал. Алматы 2008 ж.
- 7.«Тоқым қағар» А.Ақдаулетова. Атырау 2003ж.
8. «Отбасы және балабақша» журналы 2010-2012ж. Алматы.
9. «Жас дарындар» Ибрагимов Қ. Алматы, 2009ж «Шың – кітап».
10. «Жаттамақ» Е.Өтетілеуов. 1994ж Алматы.